

БЕКІТЕМІН
«№13 орта мектебі» КММ директоры
Н.Б.Медеуов
« 02 » 09 2025 ж.



КЕЛІСЕМІН
Директордың ОТІЖ орынбасары
Б.К.Балмагамбетов
« 02 » 09 2025 ж.

**Педагогика ғылымдарының магистрі,
қазақ тілі пәні мұғалімі
Амангалиева Фатима Умирбековнаның
жылдық жұмыс жоспары
2025–2026 оқу жылы**

1. Жалпы мақсат

Қазақ тілін оқыту сапасын арттыру, оқушылардың тілдік және коммуникативтік құзыреттілігін дамыту. Сабақ үдерісінде зерттеушілік және инновациялық әдістерді тиімді қолдану. Магистрлік ғылыми дайындықты педагогикалық тәжірибеде жүзеге асыру.

2. Міндеттер

1. Қазақ тілі пәні бойынша оқу бағдарламасын сапалы орындау.
2. Оқушылардың тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын жүйелі дамыту.
3. Әр оқушының қабілетіне қарай саралап оқыту тәсілдерін қолдану.
4. Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс ұйымдастыру.
5. Оқу-тәрбие үдерісіне АКТ, ЖИ, цифрлық ресурстар және заманауи әдіс-тәсілдерді енгізу.
6. Ғылыми-зерттеу және әдістемелік жұмыс жүргізу, кәсіби даму курстарына қатысу.

3. Күтілетін нәтиже

- Қазақ тілін меңгерген, еркін сөйлей алатын, ой-пікірін сауатты жеткізетін оқушы қалыптастыру.
- Оқушылардың пәнге қызығушылығы мен белсенділігінің артуы.

- Мұғалімнің кәсіби және ғылыми деңгейінің жоғарылауы.
- Әдістемелік тәжірибенің жинақталып, таратылуы.

4. Негізгі бағыттар мен іс-шаралар

№	Бағыт	Іс-шара мазмұны	Мерзімі	Күтілетін нәтиже
1	Оқу-әдістемелік жұмыс	Күнтізбелік-тақырыптық жоспарды әзірлеу	Тамыз	Бекітілген жоспар
		Блум таксономиясы, CLIL, ЖИ, критериалды бағалау әдістерін қолдану	Жыл бойы	Белсенділік артады
2	Оқушылармен жұмыс	1.Дарынды оқушылармен жеке жоспар бойынша жұмыс 2.Зерттеу, жоба қорғау жұмыстарын жетілдіру	Қыркүйек–мамыр	Жүлделі орындар
		Үлгерімі төмен оқушылармен қосымша сабақтар	Жыл бойы	Білім сапасы жоғарылайды
3	Ғылыми-зерттеу және инновация	Жасанды интеллектті қазақ тілі мен әдебиеті сабағында қолданудың мүмкіндіктері мен тиімділігі	Қазан–сәуір	Ғылыми баяндама
4	Кәсіби даму	Біліктілік арттыру курстарынан өту	Жыл бойы	Сертификат алу

5. Мониторинг және талдау

- Тоқсан сайын оқу жетістіктерінің мониторингі жасалады.
- Оқушылардың білім сапасы мен мотивациясы талданады.
- Мұғалімнің кәсіби дамуы бойынша өзіндік талдау жүргізіледі.

6. Пайдаланылатын ресурстар

- BilimLand, iTest, Wordwall, Quizizz, Padlet, Kahoot платформалары;
- ҚР Оқу-ағарту министрлігі бекіткен оқулықтар;
- Қазақ тілін оқытуға арналған әдістемелік құралдар, журналдар, интернет-ресурстар.

7. Қорытынды

Мұғалімнің жылдық жұмысы оқушылардың тіл мәдениетін, ойлау қабілетін және шығармашылық белсенділігін дамытуға бағытталады. Магистр деңгейіндегі педагог ретінде ғылыми-зерттеу мен тәжірибені ұштастырып, білім сапасын арттыру көзделеді.